

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 67 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 1 қарашадағы № 234 қаулысы . Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 6 қарашада № 8429 болып тіркелді

Байғанин аудандық әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 67 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4891 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Байғанин ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Байғанин ауданының әкімі

А. Купенов

Байғанин аудандық әкімдігінің  
2023 жылғы 1 қарашадағы  
№ 234 қаулысына қосымша  
Байғанин ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы 18 сәуірдегі  
№ 67 қаулысына қосымша

**Байғанин ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

Мәдениет саласы

Ауылдық маңызы бар ММ және МҚҚ басшысы (директоры)

ММ және МҚҚ біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санаттағы мамандар:

библиограф, кітапханашы, дыбыс режиссері, мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы, музыкалық жетекші, режиссер, коюшы-режиссер

ММ және МҚҚ біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар:

библиограф, кітапханашы, дыбыс режиссері, мәдени үйымдастыруши (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы, музыкалық жетекші, режиссер, қоюшы- режиссер, хореограф

ММ және МҚҚ біліктілігі оргаша деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санаттағы мамандар:

библиограф, кітапханашы, дыбыс режиссері, мәдени үйымдастыруши (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы, музыкалық жетекші, режиссер, қоюшы-режиссер

ММ және МҚҚ біліктілігі оргаша деңгейдегі санаты жоқ мамандар:

библиограф, кітапханашы, дыбыс режиссері, мәдени үйымдастыруши (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы, музыкалық жетекші, режиссер, қоюшы-режиссер, хореограф

Әлеуметтік қамсыздандыру саласы

ММ және МҚҚ біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санаттағы мамандар:

әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, Мансап орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер

ММ және МҚҚ біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар:

әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, Мансап орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі ассистент

ММ және МҚҚ біліктілігі оргаша деңгейдегі бірінші, екінші санаттағы мамандар:

Мансап орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер

ММ және МҚҚ біліктілігі оргаша деңгейдегі санаты жоқ мамандар:

Мансап орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі ассистент

Техникалық орындаушылар: Мансап орталығының ассистенті

Спорт саласы

Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ басшысы

Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ басшысының орынбасары

Біліктіліктегі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар:

әдіскер, жаттықтыруши-оқытушы, нұсқаушы-спортшы

**Аббревиатуралардың толық жазылуы:**

Ауылдық маңызы бар ММ – бұл ауылдық округтің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кент пен ауылдың жергілікті атқарушы органдар қарамағындағы мемлекеттік мекемелері;

Ауылдық маңызы бар МҚҚ – бұл ауылдық округтің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кент пен ауылдың жергілікті атқарушы органдар қарамағындағы мемлекеттік қазыналық қесіпорнындары;

Аудандық маңызы бар ММ – бұл аудандар, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдар қарамағындағы мемлекеттік мекемелері;

Аудандық маңызы бар МҚҚ – бұл аудандар, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдар қарамағындағы мемлекеттік қазыналық қесіпорнындары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК